

## АНДАТПА

«6D090900-Логистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияға

**МОЛДАБЕКОВА АЙСҰЛУ ТҰРСЫНБАЙҚЫЗЫ**

**«ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЛІК ДӘЛІЗДЕРІНДЕГІ ҚҰРҒАҚ ПОРТТАРДЫҢ  
ЛОГИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН АРТТЫРУ  
("KHORGOS GATEWAY" МЫСАЛЫНДА)»**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Соңғы онжылдықтардағы әлемдік сауданың тұрақты өсуі құрлық және теңіз көлік дәліздері арасындағы бәсекелестіктің күшеюі мен көлік пен жаһандық жеткізу тізбегінің дамуына айтарлықтай әсер етті. Геосаяси дағдарыс жағдайында Еуропа мен Қытай арасындағы трансевразиялық құрлық көлік дәліздері аясында транспорттық дәліздерді, логистикалық орталықтарды, терминалдарды, хабтарды дамыту мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуде. Бір жағынан, Төртінші өнеркәсіптік революция (Индустрия 4.0) елдерге цифрлық технологияларды пайдалана отырып, көлік-логистикалық инфрақұрылымды кешенді түрлендіру бойынша жаңа міндеттер жүктейді. Халықаралық көлік дәліздері аясындағы логистикалық қызметтердің сапасын арттыру қазіргі сауда ағындарына қызмет көрсету үшін қажет, бұл Қазақстан сияқты транзиттік ел үшін аса маңызды.

Цифрлық технологиялар цифрландыру және жаһандық пандемия жағдайында логистикалық қызметтердің сапасын арттыруда шешуші рөл атқарады. Еуразиялық кеңістікте жүк тасымалының үздіксіз ұйымдастырылуын қамтамасыз ету мақсатында цифрлық көлік дәліздерін қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер басшыларына жолдауында Қ-Ж. Тоқаев трансшекаралық көлік артериялары мен логистикалық хабтардың әлеуетін тиянақты және толық пайдалану қажет екенін атап өтті. Қазіргі жағдайда логистикалық инфрақұрылымның жүйелі жұмыс істеуі және логистикалық қызметтің сапасын қамтамасыз етпейінше еуразиялық көлік дәліздерінің тартымдылығын арттыру қиын. Қазақстанның транзиттік әлеуетін толық пайдалану үшін «жұмсақ» логистикалық инфрақұрылымды дамыту маңызды. Осыған байланысты «Жаңа Жібек жолы» бойынша еліміздің құрлық транспорттық бағыттарындағы құрғақ порттардың логистикалық қызмет көрсету сапасын зерттеудің маңыздылығы жоғары.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Диссертациялық жұмыстың мақсаты құрғақ порттарды бағалаудың теориялық және әдістемелік тәсілдерін зерделеу және Еуразиялық көлік дәліздеріндегі цифрландыру жағдайында логистикалық қызметтердің сапасын арттыру бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Бұл мақсатқа келесі міндеттерді орындау арқылы қол жеткізіледі:

- құрлықтағы көлік дәліздерін қалыптастыру мен дамыту жағдайындағы құрғақ порт ұғымының концептуалдық негіздерін зерттеу;

- логистикалық қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету бойынша әдістемелік тәсілдерді негіздеу және құрғақ порттардың логистикалық қызметтерінің сапасын бағалаудың индикаторлары мен суб-индикаторларын әзірлеу;

- цифрландыру жағдайында құрғақ порттар мен транспорттық дәліздерді дамытудың шетелдік тәжірибесін зерделеу және логистикалық қызметтердің сапасын арттыруға ықпал ететін цифрлық технологияларды анықтау;

- логистикалық қызметтердің сапасын арттыруға технологиялық, инновациялық дамудың және цифрлық технологиялардың әсерін бағалау;

- Еуразиялық көлік дәліздеріндегі Қазақстанның транзиттік-логистикалық әлеуетін және цифрлық технологияларды көлік және қойма саласында қолдануды талдау;

- «Khorogos Gateway» құрғақ портының логистикалық қызметінің сапасын бағалау;
- цифрлық трансформация негізінде құрғақ порттардың логистикалық қызметінің сапасын арттырудың негізгі бағыттарын әзірлеу;
- логистикалық қызмет көрсету сапасын арттыра отырып, Қазақстанның құрғақ порттарын халықаралық көлік желілеріне қосу бойынша ұсыныстарды ұсыну.

**Зерттеу объектісі** –көлік дәліздеріндегі құрғақ порттардың логистикалық қызметі.

**Зерттеу пәні** – құрлықтағы көлік дәліздеріндегі құрғақ порттардың логистикалық қызметінің сапасын арттырумен байланысты оңтайландыру процестері.

**Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі** болып құрғақ порттарын қалыптастырудың концептуалды негіздері, логистикалық қызметтердің сапасы, көліктік-логистикалық инфрақұрылымды, көлік дәліздерін дамыту бойынша шетелдік және отандық ғалымдардың жұмыстары, көліктік дәліздерді дамыту мен құрғақ порттардың қалыптасуының әдіснамалық негіздері алынды.

**Зерттеу әдістері.** Диссертациялық жұмыстың әдістемелік негізін танымның жалпы ғылыми әдістері (анализ және синтез, индукция және дедукция), эмпирикалық әдістер (сандық және сапалық әдістер) және мәліметтерді талдаудың статистикалық әдістері құрайды. Құрғақ порттардың логистикалық қызметінің сапасын зерттеуде келесілер қолданылды: жүйелік және желілік библиометриялық талдау әдісі, контент-талдау, корреляциялық және регрессиялық талдау, SERVQUAL әдісі, маңыздылық талдауы. Эмпирикалық деректер сараптамалық сауалнаманың көмегімен жиналды. Сапалық және сандық мәліметтерді талдау және визуализациялау кезінде VOSviewer, SPSS 25 бағдарламалары пайдаланылды. Зерттеудің ақпараттық базасы Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің нормативтік-құқықтық және заңнамалық актілері, БҰҰ, Дүниежүзілік банк, ЕАЭО, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы, Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы, қазақстандық және шетелдік ғалымдардың монографиялары мен диссертациялары, Scopus, Web of Science, Springer халықаралық ғылыми деректер базасы деректері мен материалдарымен дайындалды.

**Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы.** Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығын Еуразиялық көлік дәліздеріндегі цифрландыру жағдайында логистикалық қызмет көрсету сапасын бағалаудың теориялық және әдістемелік тәсілдерін әзірлеу және құрғақ порттардың логистикалық қызметтерінің сапасын арттыру жолдарын анықтау құрайды.

Зерттеу нәтижесінде келесі **ғылыми нәтижелер** алынды:

- құрғақ порттарды дамытудың концептуалды тәсілдері мен тәжірибесін жалпылау негізінде «құрлықтық көлік дәліздерінің құрғақ порты» терминіне авторлық анықтама ұсынылады;

- халықаралық стандарттар мен әдіснамалық тәсілдерді зерделеу негізінде қызмет көрсету сапасын бағалаудың параметрлері мен құрғақ порттардың логистикалық қызметінің сапасын бағалаудың зерттеу құралдары әзірленді;

- шетелдік тәжірибені зерделеу мен желілік библиометриялық талдау негізінде заманауи интеллектуалды технологиялар жіктелінді және логистикалық қызметтердің сапасын арттыру аспектілері анықталды;

- технологиялық, инновациялық даму және цифрлық технологиялардың логистикалық қызметтердің сапасын арттыруға әсері бағаланды;

- «Khorogos Gateway» құрғақ портының логистикалық қызметінің сапасын бағалау негізінде портты дамыту бойынша ұсыныстар әзірленді және логистикалық қызмет көрсету сапасын арттырудың негізгі бағыттары әзірленді;

- қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету, цифрлық трансформациялау және халықаралық логистикалық желілерге интеграциялау негізінде құрғақ порттардың логистикалық қызметінің сапасын арттыру бойынша ұсыныстар әзірленді.

**Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар:**

1) «Континенттік көлік дәліздеріндегі құрғақ порт» дегеніміз көліктік – және сақтау қызметтерінің кең спектрін және басқа да қосымша құн қосылатын қызметтер, сондай-ақ логистикалық қызмет сапасын және үдерістердің цифрлық ашықтығын қамтамасыз ететін құрлықтық көлік дәлізіндегі (терминал, орталық, хаб) логистикалық түйін.

2) Логистикалық қызмет көрсетуде жедел деректермен қамтамасыз ете отырып, логистикалық қызметтердің сапасын арттыру, жеткізу тізбегінің ашықтығын ұйымдастыру, логистикалық процестерді оңтайландыру, өнімдер мен қызметтер арасында икемді байланыс орнату, қамтамасыз етудегі әртүрлі мүдделі тараптар арасындағы жедел байланысты жеңілдетуге мүмкіндік беретін цифрлық технологиялардың рөлі негізделген.

3) Халықаралық көлік дәліздеріндегі құрғақ порттардың логистикалық қызмет көрсету сапасын бағалаудың әдістемелік тәсілі анықталды, ол кешенділікті көздейді: макродеңгейде – логистикалық қызметке әсер ететін факторларды бағалау, мезодеңгейде – елдің транзиттік әлеуеті және цифрлық технологияларды қолдану деңгейін талдау, микро деңгейде – құрғақ порттың логистикалық қызметінің сапасын бағалау. Құрғақ порттардың логистикалық қызметінің сапасын бағалауға арналған құрал келесі параметрлерден тұрады: физикалық инфрақұрылымның болуы; операциялар мен процестердің сенімділігі, қауіпсіздігі, уақтылығы; басқару мен персоналдың тиімділігі; бағаның қызмет көрсету сапасына сәйкестігі; порт процестері мен операцияларында АКТ-ны кешенді пайдалану; мультимодальділік және қосымша қызметтердің қолжетімділігі.

4) Екінші реттік деректердің корреляциялық-регрессиялық талдауы негізінде инновациялық әлеует, елдің технологиялық даму деңгейі және цифрлық технологиялар көлік-логистикалық қызметтердің сапасын арттыруға оң әсер ететіні анықталды: сауда және көлік инфрақұрылымы, логистикалық қызметтердің құзыреттілігі мен сапасы, кедендік ресімдеу және жүктерді қадағалау процестерінің тиімділігі.

5) «Khorgos Gateway» құрғақ портының транзиттік әлеуетін талдау және логистикалық қызмет көрсету сапасын бағалау логистикалық қызметтердің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін көлік-логистикалық инфрақұрылымды цифрлық және технологиялық жаңғырту қажет екенін көрсетті. Еуразиялық кеңістікте логистикалық және экономикалық дәліздерді қалыптастыруда технологиялық және цифрлық жаңғырту арқылы халықаралық маңызы бар құрғақ порттарды дамыту елдердің транзиттік әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

б) Еуразиялық көлік дәліздеріндегі құрғақ порттардың логистикалық қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша ұсынымдар әзірленді (1) ISO халықаралық қызмет сапасы стандартын енгізу арқылы логистикалық қызметтердің сапасын қамтамасыз ету және қосылған құны бар қызметтер қамтамасыз ету; (2) құрғақ порттың цифрлық аудитіне негізделген цифрлық трансформация, цифрлық технологияларды енгізу, интеграцияланған ақпараттық жүйені/платформаны дамыту; (3) көлік дәліздерінің «жұмсақ» инфрақұрылымын дамытуға, өңірлік және жаһандық тізбекке тартуға, логистикалық хаб ретінде дамуға негізделген өңірлік, халықаралық көлік желілеріне интеграциялау.

**Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.** Диссертациялық зерттеу барысында алынған теориялық және әдістемелік әзірлемелер «Нұрлы жол» мемлекеттік инфрақұрылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған бағдарламасын» іске асыруға және логистикалық қызмет көрсету сапасын арттыру, Қазақстан Республикасындағы логистикалық инфрақұрылым объектілерін цифрлық трансформациялау бойынша жұмыс жоспарларын әзірлеуге ықпал етеді.

**Зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы.** Диссертациялық зерттеудің теориялық әзірлемелері «Логистика», «Менеджмент» мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік бағдарламаларды дайындауда және «Халықаралық көлік дәліздерінің логистикалық инфрақұрылымы (LIMTK4309)» пәнінің оқу жоспарын жасауда қолданылуы мүмкін. Зерттеудің практикалық маңыздылығы диссертацияның қорытындылары мен ұсыныстарын Қазақстан Республикасының көлік-логистикалық инфрақұрылымының

цифрлық трансформацияда және логистикалық қызмет көрсету сапасын арттыруда, «Khorgos Gateway» құрғақ портын дамытуда пайдалануға болатындығымен негізделеді.

**Бұл жұмыстың ғылымды дамытудың басым бағытымен және басқа да зерттеу жұмыстарымен байланысы.** Диссертациялық жұмыс отандық және халықаралық жобаларды іске асыру барысында жүзеге асырылды: 1) ҚР БҒМ БМҚ «Үшінші технологиялық жаңғыртуға негізделген білімді қажет ететін экономикаға Қазақстанның жолы: даму стратегиясы, үлгілері және тетіктері» (№0118РК01076, 2018-2020), 1.1. Қазақстандағы экспортты әртараптандыру: тетіктері мен басымдықтары; 2) Висмар қолданбалы ғылымдар университетінің Еуропалық жобалық орталығының «Оңтүстік Балтық теңізінің шағын порттары интеграцияланған тұрақты еуропалық көлік жүйесіне қақпа ретінде» жобасы (Германия) 3.2 Шағын порттар үшін халықаралық цифрлық аудит құралдарын әзірлеу және 3.5. Сандық аудит салыстыру есебі; 3) Неміс академиялық алмасу қызметінің (DAAD) докторанттарға арналған жылдық ғылыми-зерттеу стипендиясы аясында «Жаңа ақпараттық технологиялардың логистикалық қызмет көрсету сапасын арттыруға әсері және порттың даму перспективалары» ғылыми жобасы.

**Зерттеу нәтижелерін апробациялау.** Зерттеу нәтижелері шетелдік, халықаралық және республикалық конференцияларда баяндалып, талқыланды, соның ішінде: «RelStat-2019» көлік және коммуникациялардағы сенімділік және статистика бойынша 19-шы халықаралық конференция (Рига, Латвия), ҚР БҒМ ҒК Экономика институтының Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (Алматы, Қазақстан), Логистика бойынша VI Қазақстан-Германия форумы (Алматы, Қазақстан), «Маркетинг және логистика: ақпараттық технологиялар дәуіріндегі заманауи шақырулар мен тенденциялар» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы (Алматы қ., Қазақстан), жас ғалымдар мен студенттердің XXIII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы (Алматы, Қазақстан).

**Әрбір басылымды дайындауға докторанттың қосқан үлесі.** Зерттеу нәтижелері 11 басылымда жарияланды, оның ішінде:

- *Scopus-те индекстелген журналдардағы 2 мақала.* «Advanced technologies in improving management of logistics service: bibliometric network analyze» мақаласын жазу барысында докторант корреспондент-автор болып табылады, ол концептуалдау, әдістеме, бағдарламалық талдау, деректерді жинау және өңдеу және визуализациялаумен айналысты. «Digital Technologies for Improving Logistics Performance of Countries» мақаласын жазуда докторант тұжырымдамаға, әдістемеге, деректерді жинауға және SPSS 25 бағдарламасындағы талдауға үлес қосқан корреспондент-автор болып табылады.

- *Қазақстан Республикасының Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала.* «Методы и практика оценки национальной логистической системы Республики Казахстан» мақалаларын жазу барысында автор мемлекеттік логистикалық жүйені бағалаудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттеді; «Управление цепочками поставок в контексте «Индустрии 4.0»: системный анализ литературы» мақаласында докторант Industry 4.0 контекстінде жеткізу тізбегін басқару бойынша ғылыми әдебиеттерге мазмұндық талдау жасады; «Роль цифровых технологий в развитии логистики в Казахстане при формировании Индустрии 4.0» докторант технологиялық дайындық көрсеткіштері, инновациялар және Logistics Performance (LPI) қосалқы индекстері арасында корреляциялық талдау жасады.

- *Шетелдік және жергілікті халықаралық конференциялар материалдарында 5 мақала,* оның ішінде Web of Science, Scopus, Springer ғылыми деректер базасында индекстелген 2 мақала: «Logistics service quality of dry ports within land-based transport corridors: a case study “Khorgos Gateways” зерттеуінде докторант құрғақ порттардың логистикалық қызметтерінің сапасын бағалауға арналған құралдар жинағын әзірледі. ««Small and Medium-Sized Seaports on the Digital Track: Tracing Digitalisation Across the South Baltic Region by Innovative Auditing Procedures» мақаласын дайындау барысында докторант шетелде тағылымдамадан өту кезінде Солтүстік Балтықтағы шағын порттар үшін цифрлық аудит құралдарының

жинағын әзірлеуге қатысты. «Перспективы развития региональных логистических центров в Республике Казахстан» және «Приоритеты развития экспорта транспортно-логистических услуг в Республике Казахстан в условиях технологической модернизации» атты конференция материалдарында жарияланған мақалаларда докторант Қазақстанның көлік-логистикалық қызметін дамытудың негізгі бағыттарын анықтады. Ұжымдық монографияның «Развитие транзитного потенциала Казахстана» шағын бөлімін докторант өз бетінше толықтырды. «Технологиялық дайындық және инновациялар логистика 4.0 драйверлері ретінде» мақаласында докторант корреспондент-автор болып табылады, ол деректер жинау және талдау жұмыстарын жүргізді.

**Диссертацияның құрылымы мен көлемі.** Жұмыс мазмұннан, белгілеулерден, қысқартулардан, кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден, 33 кестелерден, 46 суреттерден және 11 қосымшалардан және 140 әдебиет көздерінен тұрады.